

«Самұрық - Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2014 жылғы «04» сәуірдегі
шешімімен
БЕКІТІЛДІ
Хаттама № 84

**«Булат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
Жарғысы**

ПАРАҚТЫҢ КЕЛЕСІ ЖАҒЫН
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

1-бап. Жалпы ережелер

1. «Булат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерін, Серіктестіктің осы Жарғысын (бұдан әрі – Жарғы) басшылыққа алады.

2. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы (бұдан әрі – Қатысушы):

- **«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы** болып табылады (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 26877-1910-АҚ, 10.05.2007ж. берілген), орналасқан жері: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, банктік деректемелері: СТН 620 300 292 280, ЖСК KZ216010131000078623, «Қазақстан Халық банкі» АҚ Алматы облыстық филиалы №139900, БСН 960941000145, БСК HSBKКZKX.

3. Серіктестіктің толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Булат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2) орыс тілінде: товарищество с ограниченной ответственностью «Экибастузская ГРЭС-1 имени Булата Нуржанова».

Серіктестіктің қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС;

2) орыс тілінде: ТОО «Экибастузская ГРЭС-1».

4. Серіктестіктің орналасқан жері (заңды мекенжайы): индексі 141200, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы.

5. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектелмеген.

2-бап. Серіктестіктің мақсаты және қызмет түрлері

1. Серіктестік пайда алу мақсатымен Қазақстан Республикасының және басқа елдердің аумағында өндірістік және коммерциялық қызметті жүзеге асыру мақсатымен құрылады.

2. Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келуге тиіс және оған мына төмендегілер кіреді:

- электр энергиясын, бу мен ыстық суды өндіру және сату;
- электр станциясының жабдығына, ғимараттары мен құрылыстарына қызмет көрсету және жөндеу;
- электр энергетикасы объектілерін сатып алу және сату;
- электр энергетикасы объектілерінің құрылысын салу;

- электр энергетикасы секторында техникалық және консультациялық қызметтер көрсету;
- жабдықты, материалдарды, техниканы жеткізу;
- өкілдік ету қызметі, маркетингтік қызметтер, инжинирингтік қызметтер;
- Серіктестіктің дамуы үшін қажетті және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет.

3. Тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалатын жеке қызмет түрлерімен Серіктестік арнайы рұқсаттың (лицензияның) негізінде ғана айналыса алады.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі белгіленбесе, онымен айналысу үшін лицензия алу қажет болатын қызметті жүзеге асыруға Серіктестіктің құқығы осындай лицензия алынған сәттен бастап немесе онда көрсетілген мерзімде пайда болады және оның әрекет мерзімі өткеннен кейін тоқтатылады.

3-бап. Серіктестіктің заңды мәртебесі, құқықтары мен міндеттері

1. Серіктестік мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқықтарына ие болады.

2. Серіктестік ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

3. Серіктестіктің мөрі, мөртаңбалары, дербес балансы, банктерде шоттары, өзінің атауы көрсетілген бланкілері бар.

Серіктестік өзінің тауар (фирмалық) белгісін және символикасын иелене алады, олардың үлгілері Серіктестіктің Байқаушы кеңесімен келіскеннен кейін Бас директор тарапынан бекітіледі және белгіленген тәртіпте тіркеледі.

4. Серіктестіктің өз қызметінің мақсатына жету үшін өзінің атынан мәмілелер жасауға, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды алуға, міндеттерді көтеруге, сотта талапкер және жауапкер болуға құқығы бар.

5. Серіктестік Қазақстан Республикасы аумағында және шет елдерде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ өзге заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.

6. Серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің борыштары бойынша жауап бермейді. Серіктестік мемлекеттің борыштары бойынша жауап бермейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайлардан басқа, Серіктестік өзінің Қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7. Серіктестіктің Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Серіктестіктің қызметімен байланысты залал тәуекелін Серіктестіктің жарғылық капиталына өзінің енгізген салымының құны шегінде көтереді.

8. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар және өзге де бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

4-бап. Серіктестіктің жарғылық капиталы және мүлкі

1. Серіктестіктің жарғылық капиталы 31 110 120 000 (отыз бір миллиард жүз он миллион жүз жиырма мың) теңгені құрайды.

2. Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері Жарғының және Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

3. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және зияткерлік қызметтің нәтижелеріне құқық және өзге де мүлік болуы мүмкін.

Салымды мүліктік емес жеке құқықтар және өзге де материалдық емес игіліктер түрінде енгізуге жол берілмейді.

4. Қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертілуі мүмкін.

Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайтуды:

- Қатысушы жасайтын қосымша салымдардың;
- Серіктестіктің меншікті капиталының есебінен, соның ішінде оның сақтық капиталының есебінен;
- Серіктестіктің құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау жолымен жүзеге асыруға болады.

Серіктестіктің жарғылық капиталын ол тіркелген сәттегі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ең аз мөлшерден төмен етіп азайтуға жол берілмейді.

5. Серіктестіктің мүлкі Қатысушының жарғылық капиталға салымдарының, қосымша жарналардың, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстың есебінен, қарыз қаражатының және Серіктестік белгіленген тәртіпте сатып алған немесе алған басқа мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге көздердің есебінен қалыптастырылады.

Серіктестіктің мүлкі оның балансында есепке алынады.

6. Серіктестік бір жылдағы өз қызметінің нәтижесінде алған тыбысты бөлу Серіктестіктің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған Серіктестіктің Қатысушысының шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап. Серіктестіктің органдары

1. Серіктестіктің органдары мыналар болып табылады:

- 1) Қатысушы – жоғары орган;
- 2) Байқаушы кеңес – байқаушы орган;

3) Бас директор – жеке-дара атқарушы орган;

4) Тексеру комиссиясы – бақылаушы орган.

2. Серіктестіктің органдарының құзыреті, сондай-ақ олардың шешім қабылдау немесе Серіктестіктің атынан сөз сөйлеу тәртібі Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен және Серіктестіктің Жарғысымен айқындалады.

6-бап. Қатысушы

1. Қатысушының құқықтары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестіктің істерін басқаруға қатысу;

2) осы Жарғының 11-бабында көзделген тәртіпте Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алу, Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестіктің қызметінен табыс алу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің Серіктестікке қатысуын тоқтату;

5) Серіктестік таратылған жағдайда, өзінің қатысу үлесіне үйлесімді түрде несиегерлермен есеп айырысқаннан кейін қалған Серіктестік мүлкінің бір бөлігінің тиісті құнын немесе Серіктестіктің осындай мүлкінің бір бөлігін заттай алу;

6) Заңмен және (немесе) осы Жарғымен көзделген өзінің құқықтарын бұзатын Серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібінде дау келтіру.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық өзге де құқықтарды иелену және пайдалану.

2. Қатысушының міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасының, осы Жарғының талаптарын сақтау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар енгізу;

3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеу;

4) Серіктестіктің қатысушылар тізілімі жүргізілетін жағдайда, атауы, орналасқан жері, мекенжайы, банктік деректемелері сияқты мәліметтердің өзгеруі туралы Бас директорға, сондай-ақ тіркеушіге жазбаша түрде хабарлау.

3. Қатысушының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Серіктестіктің Жарғысын өзгерту, соның ішінде оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту, немесе жаңа оқылымдағы Жарғыны бекіту;

- 2) Серіктестік қызметінің басымдықты бағыттарын айқындау;
- 3) Серіктестіктің даму стратегиясын, Серіктестіктің даму жоспарын бекіту, сондай-ақ Серіктестіктің даму стратегиясының іске асырылуына, Серіктестіктің даму жоспарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру;
- 4) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің және Тексеру комиссиясының Төрағасы мен мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оларды сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, оларға сыйақы мен өтемақы төлеу тәртібін айқындау, сондай-ақ Серіктестіктің Тексеру комиссиясының есептері мен қорытындыларын бекіту;
- 5) Серіктестіктің Бас директорын белгіленген мерзімге тағайындау және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6) Серіктестіктің Бас директорының лауазымдық қызметіне мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
- 7) Серіктестіктің Бас директоры үшін қызметтің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін бекіту, сондай-ақ оларға жетуіне мониторингті жүзеге асыру;
- 8) Серіктестіктің Бас директорының басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;
- 9) Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп-қисабын бекіту;
- 10) есептік қаржылық жыл үшін Серіктестіктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту;
- 11) Серіктестіктің Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 12) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі туралы ережені бекіту;
- 13) Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің жұмысы туралы жылдық есепті қамтитын, Серіктестіктің қызметінің қорытындылары туралы жылдық есепті бекіту;
- 14) Серіктестікке аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау және оның қызметтері үшін төлемақы мөлшерін айқындау;
- 15) Серіктестіктің Тексеру комиссиясы туралы ережені және оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 16) ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту, тек бұған оларды бекіту Серіктестіктің Жарғысы бойынша Серіктестіктің өзге органдарының құзырына жатқызылған құжаттар кірмейді;
- 17) Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- 18) тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
- 19) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлікпен басқаруға табыстау туралы шешім қабылдау және осындай табыстаудың шарттарын айқындау;
- 20) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге салу туралы шешім қабылдау;
- 21) Серіктестіктің басқа шаруашылық жүргізуші Серіктестіктерге,

акционерлік қоғамдарға және коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы, сондай-ақ олардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеліктен шығару туралы шешім қабылдау, тек бұған Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар жатпайды;

22) Серіктестіктің облигацияларын шығарудың шарттары мен тәртібін айқындау;

23) Заңның 39-бабына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар салу;

24) Серіктестіктің Қатысушысына және үлестерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты берудің тәртібі мен мерзімін бекіту;

25) Оларды тағайындауды немесе келісуді Серіктестіктің Қатысушысы жүзеге асыратын Серіктестік жұмыскерлерінің лауазымдары тізбесін бекіту;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестіктің жұмыскерлерін атқарып отырған қызметіне сәйкестігі және кадрлық резервті қалыптастыру бойынша аттестаттаудың шарттары мен тәртібін бекіту, сондай-ақ міндетті аттестаттауға жататын жұмыскерлер тізбесін бекіту;

27) Серіктестіктің кадрлық саясатын бекіту;

28) Серіктестіктің жұмыскерлерінің жалпы санын, ұйымдық құрылымын және штат кестесін бекіту;

29) қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған ауқым нормаларын айқындау;

30) қызметтік іссапарларға жіберілетін Серіктестіктің жұмыскерлеріне шығысты өтеудің тәртібі мен шарттарын айқындау;

31) жұмыскерлерге ұялы байланысты пайдалану құқығы берілген жағдайда, Серіктестіктің қаражаты есебінен өтелетін шығыс лимиттерін, өкілдіктік шығыс лимиттерін айқындау;

32) осы Жарғы және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Қатысушының құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

4. Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестіктің Жарғысында оның құзыретінің қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген мәселені қарастыруға қабылдауға құқылы.

5. Серіктестіктің Қатысушысы өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Серіктестіктің Байқаушы кеңесіне немесе Бас директорына табыстауға құқылы.

6. Қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің немесе Бас директорының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

7-бап. Байқаушы кеңес

1. Байқаушы кеңес Серіктестіктің Бас директорының қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы және Серіктестіктің Қатысушысы бекітетін Байқаушы кеңес туралы ереже бойынша ұйымдастырады.

2. Байқаушы кеңестің айрықша құзыретіне мына төмендегідей мәселелер жатады:

- 1) жылдық қаржылық есеп-қисапты алдын ала бекіту;
- 2) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларын және бас бухгалтерін тағайындау (жұмысқа қабылдау), басқа жұмысқа ауыстыру, жұмыстан босату туралы шешімдер қабылдау;
- 3) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатуды келісу;
- 4) Серіктестіктің басқа шаруашылық жүргізуші серіктестіктерге, акционерлік қоғамдарға және коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы, сондай-ақ олардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеліктен шығару туралы мәселені алдын ала келісу;
- 5) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 6) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын, Серіктестік немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 7) Серіктестіктің жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережені бекіту;
- 8) Серіктестіктің есеп саясатын бекіту;
- 9) Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларының қызметтік еңбекақы мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау;
- 10) оларды бекітуді немесе келісуді Серіктестіктің Байқаушы кеңесі жүзеге асыратын, Серіктестіктің, сондай-ақ еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың басшы қызметкерлерінің лауазымдары тізбесін айқындау және бекіту;
- 11) Серіктестіктің тәуекелдерін басқару саясатын бекіту;
- 12) Серіктестіктің жалпы тәуекел-аппетитін, Серіктестіктің әр негізгі тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейлерін бекіту және қабылданып отырған тәуекелдерді шектеу үшін лимиттер белгілеу, негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту;
- 13) Серіктестіктің тәуекелдер тіркелімі мен картасын бекіту;
- 14) Серіктестікте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 15) тоқсан сайын Серіктестіктің тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесінің Серіктестіктің негізгі тәуекелдері сипатталған және талданған, сондай-ақ Серіктестіктің тәуекелдерін мейлінше азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру бойынша мәліметтер қамтылған есептерін қарау;

16) Серіктестіктің Байқаушы кеңесі бекітетін ішкі құжаттар тізбесін айқындау;

17) соның (солардың) нәтижесінде құны Серіктестіктің активтерінің жалпы мөлшерінен жиырма бес немесе одан да көп пайызды құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмелелер жиынтығын жасасу туралы шешім қабылдау;

18) ;

18) Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы мәселені шешуді келісу;

19) Серіктестіктің тауар (фирмалық) белгісінің және символикасының үлгілерін келісу;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген, Серіктестіктің Қатысушысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

3. Байқаушы кеңестің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Серіктестіктің Бас директорына шешу үшін табыстауға болмайды.

4. Байқаушы кеңес Жарғыға сәйкес Серіктестіктің Қатысушысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Серіктестіктің Қатысушысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

5. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі Қатысушы айқындаған санда, белгіленген, бірақ 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Серіктестіктің Бас директоры бір мезгілде Байқаушы кеңестің мүшесі бола алмайды.

6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі көзделмесе, Байқаушы кеңестің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген сан рет қайта сайлана алады.

Байқаушы кеңестің құрамына кез келген тұлғаны сайлау, бұл орайда осындай тұлғаның Байқаушы кеңестің мүшесі қызметін қатарынан 7 (жеті) жылдан асатын уақыт атқаруы, БК құрамын сапалық жаңартудың қажеттілігін ескеріп ерекше қарастыруға жатады, бірақ бұл орайда Байқаушы кеңестің осындай мүшесінің өкілеттіктер мерзімі 1 (бір) жылға тең болуға тиіс.

Байқаушы кеңестің немесе оның жеке мүшесінің өкілеттіктер мерзімі Қатысушы Серіктестіктің жаңа Байқаушы кеңесін сайлау немесе Байқаушы кеңестің жаңа мүшесін сайлау туралы шешім қабылдаған сәтте аяқталады.

7. Қатысушы Байқаушы кеңестің барлық немесе жеке өкілдерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

8. Байқаушы кеңесті Төраға басқарады. Байқаушы кеңестің Төрағасын Серіктестіктің Қатысушысы сайлайды.

9. Байқаушы кеңестің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

1) Байқаушы кеңестің жиналыстарын шақырады;

2) Байқаушы кеңестің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді;

3) Байқаушы кеңестің мәжілістерінде хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

4) Серіктестіктіңатынан Бас директормен еңбек шартын жасап, егер Қатысушының шешімімен өзгесі белгіленбесе, Қатысушының шешіміне сәйкес оның лауазымдық қызметақысының мөлшерін белгілейді. Бұл орайда, Бас директормен жасалатын еңбек шартында Серіктестіктің Бас директорын материалдық көтермелеудің және оның жауапкершілігінің қызметтің нәтижелеріне және Серіктестіктің өндірістік бағдарламаларының орындалуына тікелей байланыстылығы көзделуге тиіс.

10. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Байқаушы кеңестің шешімі бойынша Байқаушы кеңестің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

11. Байқаушы кеңестің әр мүшесінің бір даусы бар. Байқаушы кеңес қарастыратын мәселелер бойынша шешімдер Байқаушы кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны бірдей болған жағдайда, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасы соны құптап дауыс берген шешім қабылданады.

12. Байқаушы кеңестің мәжілістері оның Төрағасының бастамасы бойынша, Байқаушы кеңестің кез келген мүшесінің, Серіктестіктің Бас директорының, сондай-ақ Қатысушысының талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

13. Байқаушы кеңестің мәжілісін шақыру туралы талап Байқаушы кеңестің Төрағасына Байқаушы кеңестің ұсынылатын күн тәртібі қамтылған, тиісті жазбаша хабарлама жіберу жолымен қойылады.

Байқаушы кеңестің мәжілісін Байқаушы кеңестің Төрағасы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Байқаушы кеңестің мәжілісін өткізу туралы жазбаша құлақтандырулар мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоса тіркеліп, ал сырттай дауыс беру жүргізілетін жағдайда – сырттай дауыс беру үшін қосымша бюллетеньдер қоса тіркеліп, Байқаушы кеңестің мүшелеріне мәжіліс өткізілетін күнге дейін кем дегенде 7 (жеті) күн бұрын жолдануға тиіс.

Мәжілістің өткізілетіні туралы құлақтандыруда мәжілістің өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі қамтылуға тиіс.

Байқаушы кеңестің мәжілісі аталған талапты қойған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.

14. Байқаушы кеңестің мәжілістері тоқсанына кем дегенде бір рет шақырылуға тиіс.

15. Байқаушы кеңестің мүшесі жазбаша хабарлама жіберу жолымен Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің Төрағасын өзінің Байқаушы кеңестің мәжілісіне қатыса алмайтыны туралы алдын ала құлақтандыруға міндетті.

16. Егер мәжілісте Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің сайланған мүшелерінің жартысынан көбі қатысып отырса, Байқаушы кеңес шешім қабылдауға құқықты.

Байқаушы кеңестің мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған кворумға жету үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Байқаушы кеңес Серіктестіктің Қатысушысынан Байқаушы кеңестің жаңа мүшелерінің сайлануын талап етуге міндетті.

17. Кезекті тәртіпте өткізілген мәжілісте қабылданған Байқаушы кеңестің шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол мәжіліс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде құрастырылып, мәжіліске төрағалық еткен тұлғаның, Байқаушы кеңестің мәжілісіне қатысқан оның мүшелерінің және Байқаушы кеңестің хатшысының қолдары қойылуға және онда мына төмендегілер қамтылуға тиіс:

- 1) Серіктестіктің толық атауы және атқарушы органының орналасқан жері;
- 2) мәжілістің өткізілген күні, уақыты мен орны;
- 3) мәжіліске қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Байқаушы кеңестің шешімі бойынша өзге де мәселелер.

18. Күн тәртібінің мәселесі бойынша дауыс беруден қалыс қалған немесе қабылданып жатқан шешімге қарсы дауыс берген Байқаушы кеңестің мүшесі оның жазбаша негіздемесін ұсынады. Мұндай негіздемені Байқаушы кеңестің хатшысы Байқаушы кеңестің хаттамасына, шешіміне қоса тіркейді.

19. Байқаушы кеңестің Төрағасының ұйғаруы бойынша, Байқаушы кеңестің өзінің қарастыруына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Байқаушы кеңестің сырттай мәжілісінің шешімдері Байқаушы кеңестің мүшелері қол қойған, хаттамаға қоса тіркелетін бюллетеньдердің негізінде хаттама түрінде ресімделеді. Хаттамаға Байқаушы кеңестің Төрағасы мен хатшысы қол қояды.

20. Байқаушы кеңестің мәжілістерінің хаттамалары Серіктестіктің мұрағатында сақталады.

21. Байқаушы кеңестің хатшысы Байқаушы кеңестің мүшесінің талабы бойынша оған танысып шығуы үшін Байқаушы кеңестің мәжілісінің хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерді беруге және (немесе) оған Байқаушы кеңестің хатшысының қолымен және

Серіктестіктің мөрінің бедерлемесімен куәландырылған хаттама мен шешімнен үзінді көшірмелерді беруге міндетті.

8-бап. Серіктестіктің Тексеру комиссиясы

1. Серіктестіктің қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін 5 (бес) адамнан тұратын, Тексеру комиссиясының Төрағасы басқаратын, тұрақты түрде қызмет ететін Тексеру комиссиясы құрылады.

2. Серіктестіктің Тексеру комиссиясын Қатысушы 5 (бес) жыл мерзімге сайлайды.

3. Серіктестіктің Бас директоры Тексеру комиссиясына мүше бола алмайды.

4. Тексеру комиссиясы Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметіне жоспарлы тексеріс жүргізеді.

5.

5. Тексеру комиссиясының Төрағасы жартыжылдық пен бір жылдың қорытындылары бойынша Қатысушының алдында есеп береді.

6. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі осы Жарғымен, Тексеру комиссиясы туралы ережемен, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелермен және өзге де құжаттармен анықталады.

9-бап. Бас директор

1. Бас директор Серіктестіктің бірінші басшысы болып табылады және Серіктестіктің қызметіне басшылық жасайды. Өз міндеттерін орындау кезінде Бас директор Серіктестіктің мүддесінде адал ниетпен және ақылға қонымды түрде әрекет етуге тиіс.

2. Серіктестіктің Бас директорының құзыретіне Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Серіктестіктің Жарғысымен, ішкі құжаттарымен айқындалған, Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, соның ішінде:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Серіктестіктің Жарғысымен көзделген тәртіпте Серіктестіктің атынан мәмілелер жасасу;

- Серіктестіктің Байқаушы кеңесі және Қатысушысы бекітетін құжаттардан басқа, Серіктестіктің қызметін ұйымдастыруға бағытталған ішкі құжаттарды бекіту;

- бекітілген бизнес-жоспардың, бюджеттің, даму жоспарының шеңберінде Серіктестіктің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарын бекіту;

- Серіктестіктің барлық жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдерді қабылдау;

- белгіленген тәртіпте, Байқаушы кеңеспен келіскеннен кейін Серіктестіктің демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешімдер қабылдау;

- Байқаушы кеңестің мүшелері өздеріне жүктелген функцияларды атқарған кезде оларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпараттың, соның ішінде құпия сипаттағы ақпараттың жазбаша сұрау салу алынған сәттен бастап 10 (он) күннен кеш болмайтын мерзімде уақтылы берілуін қамтамасыз ету;

- Серіктестіктің Қатысушысының және Байқаушы кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

3. Бас директор мына төмендегідей функцияларды жүзеге асырады:

- Серіктестікті басқарады;

- үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз Серіктестіктіңатынан әрекет етеді, Серіктестікке өкілдік ету құқығына сенімхаттарды, соның ішінде басқа біреуге жүктеу құқығымен сенімхаттарды береді;

- Серіктестіктіңатынан мәмілелер жасайды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

- Байқаушы кеңес қабылдаған шешімдердің негізінде Серіктестіктіңатынан Бас директордың орынбасарларымен, бас бухгалтерменеңбек шарттарын жасайды, сондай-ақ олардың орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

- Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларынан және бас бухгалтерден басқа, бекітілген жалпы штат санының шегінде жұмыскерлерді қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазаға тартады, жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесін айқындайды, СеріктестіктіңҚатысушысы бекіткенСеріктестіктіңштат кестесіне сәйкес Серіктестіктің жұмыскерлерінің лауазымдық қызметақысының және қызметақыға дербес үстемақының мөлшерін белгілейді, Серіктестіктің Бас директорының орынбасарларынан басқа, жұмыскерлердің сыйақысының мөлшерін айқындайды;

- Бас директордың орынбасарларының арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік ауқымын бөледі;

- Серіктестіктің жұмыс режимін белгілейді;

- Серіктестіктің ағымдық және келешек жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

- Серіктестіктің жұмысы үшін Қатысушының, Байқаушы кеңестің алдында жауапкершілік көтереді;

- Серіктестіктің және оның бөлімшелерінің банктік және басқа да шоттарын ашады;
- бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;
- Байқаушы кеңеспен келіскеннен кейін, Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Серіктестіктің жұмыскерлерін мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды;
- Серіктестіктің Қатысушысының және Байқаушы кеңесінің шешімдерін іске асырады;
- Серіктестіктің филиалдарының, өкілдіктерінің және еншілес ұйымдарының жұмысын үйлестіреді және бағыттайды;
- Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;
- Серіктестіктің атынан талқылауларға бастамашы болады және сот немесе төрелік талқылауларға қатысады;
- Қатысушының, Байқаушы кеңестің айрықша құзыретіне жатпайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Серіктестіктің Жарғысына қайшы келмейтін міндеттерді орындау үшін қажетті Серіктестіктің ағымдық қызметіне қатысты барлық қалған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

4. Бас директор Серіктестіктің Қатысушысы немесе Байқаушы кеңесі айқындаған пішіндер бойынша және мерзімдерде Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептерді ұсынады.

5. Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндеттері осы Жарғы, сондай-ақ Серіктестікпен жасалатын еңбек шарты бойынша айқындалады. Егер Қатысушының шешімімен өзгесі белгіленбесе, Серіктестіктің атынан Бас директормен жасалатын еңбек шартына Байқаушы кеңестің Төрағасы қол қояды.

6. Серіктестіктің Бас директорына мына төмендегілерге тыйым салынады:

- 1) Қатысушының келісімінсіз Серіктестікпен одан мүліктік пайда алуға бағытталған шарттарды (соның ішінде сыйға тарту, қарыз, өтемсіз пайдалану, сатып алу-сату шарттарын және т.б.) жасау;
- 2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен, сол сияқты үшінші тұлғалардан комиссиялық сыйақы алу;
- 3) Серіктестікпен қарым-қатынаста үшінші тұлғалардың атынан немесе солардың мүддесінде әрекет ету;
- 4) Серіктестіктің қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру.

Осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көзделген шектеулерсонымен қатар Бас директордың зайыбына, барлық тікелей өзінен кейінгі және өзінің алдындағы туыстарына, сондай-ақ туған аға-інілері мен апа-қарындастарына таралады.

Серіктестіктің Қатысушысы Бас директордың немесе жоғарыда аталған оның туыстарының осы баптың 6-тармағында көзделген тыйымдарды бұзуынан Серіктестікке келтірілген залалды оның Серіктестікке өтеуін сотта талап етуге құқылы.

10-бап. Серіктестіктегі сыртқы аудит

1. Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп-қисабын, сондай-ақ оның істерінің ағымдық күйін тексеру және дұрыстығын растау үшін, Серіктестік Серіктестікпен, Байқаушы кеңестің мүшелерімен немесе Бас директормен мүліктік мүдделерімен байланыспаған аудиторлық ұйымды тартуға құқылы.

Серіктестіктің Қатысушысы Серіктестіктің қаржылық есеп-қисабын аудиторлық тексерудің өзінің есебінен жүргізілуін талап етуге құқылы.

2. Егер Серіктестіктің Бас директорыосындай тексеріс міндетті болғанда немесе оның жүргізілуін Серіктестіктің Қатысушысы талап еткен кезде Серіктестіктің қаржылық есеп-қисабына аудиторлық тексеру жүргізуден жалтарса, мұндай тексеріс кез келген мүдделі тұлғаның немесе СеріктестіктіңҚатысушысының өтініші бойынша қабылданған соттың шешімімен тағайындалуы мүмкін.

3. Серіктестік есеп және есеп-қисапты жүргізу тәртібінің және шынайылығының сақталуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

11-бап. Серіктестіктің ақпаратты жария етуі.

Серіктестіктің құжаттары

1. Серіктестік Қатысушының жазбаша сұрау салуы бойынша СеріктестіктіңҚатысушысының мүдделерін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты оның назарына жеткізеді, сондай-ақ Қатысушының Серіктестіктің бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуына мүмкіндік береді.

Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау мына бұқаралық ақпарат құралдарында: «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жүзеге асырылады.

2. Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің Қатысушысына сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

3. Сотта корпоративтік дау бойынша істің қозғалғаны туралы ақпарат Серіктестіктің Қатысушысына Серіктестік тиісті сот хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іс бойынша сотқа шақыруды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуге тиіс.

4. Серіктестіктің қызметіне қатысты оның құжаттары Серіктестіктің бүкіл қызмет мерзімінде, Бас директор тұлғасындағы Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жерінде сақталуға тиіс.

Мына құжаттар сақтауға жатады:

- 1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
- 2) Серіктестіктің органдарының хаттамалары, шешімдері, күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар;
- 3) Серіктестіктің заңды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі;
- 4) Серіктестіктің статистикалық карточкасы;
- 5) Серіктестіктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға лицензиялар;
- 6) Серіктестіктің балансында тұрған (бұрын тұрған) мүлікке оның құқықтарын растайтын құжаттар;
- 7) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
- 8) Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттар.

5. Өзге құжаттар, соның ішінде Серіктестіктің қаржылық есеп-қисабы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім бойы сақталады.

12-бап. Серіктестікті қайта ұйымдастыру

1. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құру) Серіктестіктің Қатысушысының шешімі бойынша ерікті түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

Үлесті иеліктен шығару немесе Серіктестіктің Қатысушыларының құрамын өзгедей өзгерту Серіктестікті қайта ұйымдастыру болып табылмайды.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларда, Серіктестіктің бөлінуі немесе оның құрамынан бір немесе бірнеше Серіктестікті бөліп шығару нысанында оны қайта ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген жағдайларда, Серіктестікті бірігу немесе қосылу нысанында қайта ұйымдастыру тек уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Егер заңнамалық актілермен немесе қайта ұйымдастыру туралы шешіммен өзгесі көзделмесе, қайта ұйымдастырылған Серіктестіктің мүлкі оны тіркеу сәтінде оның құқықтық мирасқорына өтеді.

13-бап. Серіктестікті тарату

1. Серіктестік оның Қатысушысының шешімі бойынша таратылуы мүмкін.
2. Серіктестік мына жағдайларда соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін:

- 1) банкроттық;
- 2) Серіктестіктің құрылу сәтінде жол берілген, түзеуге болмайтын сипаттағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылыққа байланысты оның тіркеуі жарамсыз деп танылғанда;
- 3) тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) қызмет немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынған қызмет, Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше мәрте немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырылса;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген басқа жағдайларда.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгесі көзделмесе, осы баптың 2-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мүдделі тұлғалар сотқа Серіктестікті тарату туралы талап бере алады.

4. Серіктестікті таратуды Серіктестіктің Қатысушысы немесе сот тағайындайтын тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Соттың шешімімен таратуды жүзеге асыру бойынша міндеттер Серіктестіктің өзіне; Серіктестік уәкілеттік берген органға; Серіктестіктің құрылтай құжаттары бойынша оны таратуға уәкілетті органға, немесе сот тағайындаған өзге органға (тұлғаға) жүктелуі мүмкін.

14-бап. Серіктестіктің қызметін тоқтату

1. Серіктестіктің қызметін тоқтату үшін негіз, осы Жарғының 12 және 13-баптарында көрсетілген негіздерден басқа, жарғылық капиталды азайтудың нәтижесінде оның мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ең аз мөлшерден кем болған жағдай болуы мүмкін.


2. Жарғылық капиталды азайтудың нәтижесінде оның мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ең аз мөлшерден кем болған жағдайларда, сондай-ақ егер Қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталын құрмаса, онда Қатысушы бір жылдың ішінде жарғылық капиталға сәйкесінше қосымша салымдар енгізуге тиіс. Басқаша болған жағдайда, Серіктестік мүдделі тұлғалардың арызы бойынша соттың шешімі бойынша таратуға жатады.

15-бап. Қорытынды ережелер

1. Егер Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болып шықса, онда бұлқалған ережелерінің жарамдылығын қозғамайды. Жарамсыз ереже құқықтық тұрғыда жол берілетін, мағынасы бойынша жақын ережемен ауыстырылады.

2. Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселеде Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
Бас директоры



Свамбаев Р.Т.

Свамбаев Р.Т.
Бас директор

УТВЕРЖДЕН
решением Совета директоров
АО «Самрук-Энерго»
от «04» апреля 2014 года
Протокол № 84

Устав
товарищества с ограниченной ответственностью
«Экибастузская ГРЭС-1 имени Булата Нуржанова»

Статья 1. Общие положения

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Экибастузская ГРЭС-1 имени Булата Нуржанова» (далее – Товарищество) создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан, руководствуется Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, настоящим Уставом Товарищества (далее – Устав).

2. Единственным участником Товарищества (далее – Участник) является:

- **Акционерное общество «Самрук-Энерго»** (свидетельство о государственной регистрации юридического лица. 26877-1910-АО от 10.05.2007г.), место нахождения: г. Астана, проспект Кабанбай батыра, 17, банковские реквизиты: РНН 620 300 292 280, ИИК KZ216010131000078623 в АО «Народный банк Казахстана» Алматинский областной филиал №139900, БИН 960941000145, БИК HSBKKZKX.

3. Полное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «Булат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;

2) на русском языке: товарищество с ограниченной ответственностью «Экибастузская ГРЭС-1 имени Булата Нуржанова».

Сокращенное наименование Товарищества:

1) на государственном языке: «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС;

2) на русском языке: ТОО «Экибастузская ГРЭС-1».

4. Место нахождения (юридический адрес) Товарищества: индекс 141200, Республика Казахстан, Павлодарская область, город Экибастуз.

5. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

Статья 2. Цель и виды деятельности Товарищества

1. Товарищество создается для осуществления производственной и коммерческой деятельности на территории Республики Казахстан и других стран с целью извлечения дохода.

2. Деятельность Товарищества должна соответствовать законодательству Республики Казахстан и включает следующее:

- производство и продажа электроэнергии, пара и горячей воды;
- обслуживание и ремонт оборудования, зданий и сооружений электростанции;
- покупка и продажа объектов электроэнергетики;
